

Арнайы баяндамашы осы мемлекеттің үкіметіне оны шақырғаны үшін алғысын білдіре отырып, бұл шақыруды жағдайды объективті түрде бағалауда шынайы қызығушылық танытуының нышаны деп түсіндіреді. Баяндамашы Қазақстан 1991 жылы тәуелсіздігін алған сәттен бастап адам құқықтары туралы көптеген халықаралық келісімшарттарға қосылып, сол арқылы өзінің нормативтік-құқықтық базасы мен саясатын реформалау ісін қолға алуының көрінісі болғанын ерекше атап өтті. Сонымен қатар, ол күзетпен ұстау және қамауда ұстау түрлі орталықтарын дайындау үшін айтарлықтай күш салғанын, мұның өзі алдын ала хабарлаусыз келу мен деректерді тәуелсіз анықтау идеясына қарама-қайшы болып табылатынын атап өтті. Бұл сондай-ақ күзетпен ұстау жағдайлары мен азаптаулар қолдану жағынан қарағанда орын алған

жағдайды объективті бағалау міндетін біршама қиындатады.

Соңғы жылдары қамауда ұстаудың физикалық жағдайлары мен колониялардағы тамақтандыру халықаралық минималды стандарттарға сәйкестендірілген деп көрінгенімен, адам құқықтары бойынша халықаралық құқықтарының негізгі талаптарының бірі – атап айтқанда, пенитенциарлы жүйелердің қылмыскерлерді жазалау емес, олардың реабилитациясы мен реинтеграциясы бағытында жұмыс жасауы – орын алған жоқ; заңмен қарастырылған сыртқы ортамен байланысты шектеу ережесі аталған қағидаға тікелей қарама-қарсы. Және бір алаңдаушылық туғызатын маңызды мәселелердің бірі бұл – қамаудағылардың ортасында орын алған иерархия дискриминацияға және де кейбір жағдайларда тіпті зорлық-зомбылыққа әкеліп соғатындай жағдайға жеткізетіні болып табылады.

Дәл осындай жағдайда деп сотқа дейінгі ұстау орындары мен қамау орындары туралы айтуға болады. Ішкі істер Министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Әділет Министрлігінің қарауындағы сотқа дейінгі ұстау орындарындағы ұстау және тамақтандыру секілді физикалық жағдайлары едәуір жақсарған сияқты болып көрінгенімен, алайда әдетте ұзақ уақытқа созылған сыртқы ортамен байланысқа салынған толықтай тыйым кінәсіздік презумпциясы қағидасына айқын қарама-қайшы келіп, күдіктілерге шектен тыс психологиялық қысым көрсетуге әкеліп соғады.

Мемлекеттік лауазымды тұлғалармен, судьялармен, қорғаушылармен және азаматтық қоғамның өкілдерімен жүргізілген талқылаулар, зорлық-зомбылық құрбандарымен және бас бостандығынан айырылған тұлғалармен жүргізілген сұхбаттар негізінде Арнайы баяндамашы зорлық-зомбылық пен қатыгез қарым-қатынас жекелеген жағдайлармен шектеліп жатқаны күмән туғызады деген қорытындымен түйіндейді. Ол күдіктілерді жұдырықпен, іші құммен толтырылған пластик бөтелкелермен, полицейлік қол шоқпарлармен ұру мен аяқтарымен тебу туралы, сондай-ақ олардан мойындау түсініктемелерін алу мақсатында целлофан пакеттерімен және газқағарлармен тұншықтыру туралы көптеген анық ақпарат алған болатын. Бірқатар жағдайларда бұл хабарламалар соттық-медициналық сараптамаларлық мәліметтерімен тіркелген.

Құқықтық шектеулер мен кепілдіктерге келер болсақ, бұл ретте Арнайы баяндамашы азаптауды қылмыс ретінде квалификациялануын қолдайды, алайда оның анықтамасын азаптауларға қарсы Конвенциямен толықтай сәйкестендіру қажет және де сонымен қатар кепілдіктер жалпылама, әрі толықтай заңнамамен қамтамасыздандырылып, ресми түрде сақталады. Дегенмен, аталмыш кепілдіктер тиімді болу үшін, қылмыстық әділ сот төрелігін жүзеге асыру іс-шарасының барлық қатысушылары өз міндеттерін тиісінше толыққанды орындауы, имплементациялық жарылысты жоюы және азаптау әдісін қолдануды қатаң айыптауы тиіс, ал бұл аталғандардың тәжірибе жүзінде жүргізіліп жатпағаны белгілі.

Жоғарыда айтылғанға қоса, Арнайы баяндамашы Қазақстан үкіметіне өз

міндеттерін толықтай адам құқықтарының халықаралық құқығына сәйкес орындауды ұсынады. Атап айтқанда, ол үкіметті міндетті түрде қажетті адами және тағы басқа да ресурстармен қамтамасыздандырылған тәуелсіз және тиімді ұлттық алдын алу механизмін құруға және оны бас бостандығынан айыру орындарындағы шын мәніндегі жағдайды анықтау бойынша бірігіп күш салуда серіктесі ретінде қарастыруға шақырады. Ол сонымен қатар пенитенциарлық жүйеде құқық бұзушылардың іс жүзіндегі реабилитациясы мен реинтеграциясын қарастыратын тәсілді қолдануды ұсынады. Шағымдарды ұсыну және қарастырудың механизмдеріне қол жетімділік пен оларға деген сенімді қамтамасыздандыру қажет, күдікті құқық бұзушылардан тәуелсіз болатын азаптаулар мен қатыгез қарым-қатынас туралы хабарламаларды жедел және әділ түрде тергеу механизмін құру қажет; іс жүзіндегі қамауға алу уақытын тіркеп, оларды полицияда күзетпен ұстау уақытын азайтып, халықаралық нормаларға сәйкестендіріп, қажет; уақытша қамауда ұстау изоляторлары Ішкі істер Министрлігінің қарауынан Әділет Министрлігінің қарауына берілу қажет; мойындаудың азаптаулар арқылы алынбағанын дәлелдеу жүгі прокурорға артылу қажет.

Қосымша

**Азаптаулар және тағы басқа қатыгез, адамгершілікке
жатпайтын немесе абыройды қорлайтын қарым-қатынас
пен жазалар түрлері туралы мәселе бойынша Арнайы
баяндамашы баяндамасы
Қазақстан Республикасына Миссиясы
(2009 жылдың 5-13 мамыр)**

Мазмұны

	I .	К і р і с п е
II .	Қ ұ қ ы қ т ы қ	ш е к т е у л е р
A .	Х а л ы қ а р а л ы қ	д ең г е й
B .	А й м а қ т ы қ	д ең г е й
C .	Х а л ы қ а р а л ы қ	д ең г е й
III .	Ж а ғ д а й д ы	б а ғ а л а у
A.	Күзетпен ұстайтын жерлердегі азаптаулар мен қатыгез қарым-қатынас әрекеттері	
B.	Күзетпен ұстайтын жерлердің жағдайы	
C .	Ә й е л д е р	
D .	Б а л а л а р	
E.	Мәжбүрлеп қайтаруға жол бермеу қағидасы	
	IV .	Н е г і з г і с е б е п т е р
A.	Пенитенциарлық жазалау саясаты	
B.	Қорғау механизмдерінің тиімсіздігі	

С. Алдын алу шараларының әлсіздігі
D. Полиция қызметі мен сыбайластығын бағалау
V. Қорытынды тұжырымдар мен ұсыныстар
А. Қорытынды тұжырымдар
В. Ұсыныстар
Қ о с ы м ш а

Places of detention visited and interviews conducted

I. Кіріспе

1. Азаптаулар және тағы басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе абыройды қорлайтын қарым-қатынас пен жазалар түрлері туралы мәселе бойынша Арнайы баяндамашы Манфред Новак Қазақстанға 2009 жылдың мамыр айының 5 және 13 жұлдыздары аралығында мемлекет үкіметінің шақыруымен келіп кетті.

2. Келуінің мақсаты елдегі азаптаулар қолдану мен қатыгез қарым-қатынас саласындағы жағдайды, оның ішінде күзетпен ұстайтын жерлердің жағдайларын бағалау және әділ сот төрелігін жүргізу жүйесін жетілдіруге күш салу шараларына көмек көрсетуді ұсыну болып табылады. Арнайы баяндамашы қамауға алынғандарды реабилитациясынан гөрі, арзан жұмыс күшінің көзін қамтамасыздандыруды мақсат тұтқан және жазалау сипатын ұстанатын қылмыстық сот жүйесінің көптеген қиындықтары Қазақстанға бұрынғы кеңестік билік үстем болған кезеңнен мұраға қалғанын жете түсінеді. Мүмкін, дәл осы факторлар жас ерекшелігіне қарамастан барлық тұлғаларын арнайы мекемелерге орналастыруға аса қатты құштар болуға септігін тигізген болар; шынын айтқанда, ол мемлекеттік органдардың өз қарауында қамауға алынғандарды ұстайтын бас бостандығынан айыру орындары айтарлықтай көп елдерді де сирек кездестіріп тұрды. Бұған қарамастан, 1991 жылы өз тәуелсіздігін алғалы бері Қазақстанның институциональды құрылыс пен адам құқықтарын қорғау ісінде біршама жетістіктерге жеткенін атап өтті.

3. Арнайы баяндамашы мемлекет үкіметі оған шақыру жіберіп, толықтай қол жетімділігін қамтамасыз еткенін жағдайды объективті түрде бағалауға деген, қазіргі жағдайды жақсартуға бағытталған ұсыныстарға деген шынайы қызығушылығының белгісі деп біледі. Ол әсіресе, келген сәттен бастап тиісті мемлекеттік органдардың оны алдын ала хабарландырусыз күзетпен ұстайтын орындарға кіруге және сонымен қатар, тұтқындалғандармен бетпе-бет оңаша сұхбаттасуға рұқсат беретін құжаттармен жабдықтағаны үшін ерекше ризашылығын білдіреді. Ол үкіметті пенитенциарлық жүйе және де бұрын тіркелген азаптаулар туралы толыққанды статистикалық ақпаратты бергені үшін алғысын айтады.

4. Сонымен қатар, алайда күзетпен ұстайтын жерлер мен қамаудағыларды тексеруге дайындау үшін де айтарлықтай күш салынғанын атап өтеді. Мұндай дайындық

іс-шаралары адал ниетпен жүргізілген болу керек деп болжаса да, олар мұндай орындарды алдын ала хабарламастан және де деректерді тәуелсіз анықтаусыз барып көру идеясына қарама-қайшы болмақ. Соңғысы егер де күзетпен ұстайтын жерлердегі күнделікті өмір тіршілігін объективті бақылау мүмкіндігі болған жағдайда ғана мүмкін болады. Өкінішке орай, Қазақстанда барып көрген көптеген мұндай орындарда істің мәні өзгеше болды, себебі күзетпен ұстайтын жерлердің басшылығы мен ондағы тұлғалар арнайы баяндамашының келуін күткені айдан анық көрінді. Оның барған көптеген жерлері жақында ғана сырланған; кейбір колонияларда Арнайы баяндамашының келер алдында қамаудағыларды карантин камералары мен карцерлерден шығарып, көрсету концерттері (көрермендердің қатысуынсыз) ұйымдастырылды және т.с.с. Ол сондай-ақ, кейбір қамауға алынғандарға онымен ашық сөйлесуге тыйым салып, оларды қорқытып қоюы да мүмкін екенін алаңдаушылық білдіріп а й т ы п ө т т і .

5. Күзетпен ұстайтын жерлерге алдын ала ескертпей бару секілді деректерді анықтаудың тексерілген қағидаларын сақтау жағдайды толыққанды бағалау үшін ғана маңызы зор емес, сонымен қатар ол үкіметтен тәуелсіз, күзетпен ұстайтын жерлердің барлығын алдын ала ескертпей кез-келген уақытта баруға және бас бостандығынан айырылған барлық тұлғалармен құпия түрде сөйлесуге мандаты бар ұлттық алдын алу механизмінің, органының құрылуын қарастыратын азаптауларға қарсы Конвенцияға Факультативті хаттаманың жақын уақыттағы ратификациясы себебінен маңызы ерекше . Бұл шара алға бір қадам жылжудың белгісі болғанымен, егер де деректерді анықтау әдістемесі толықтай тәжірибеде сақталған кезде және оның тәуелсіздігіне кепілдік берілетін болса ғана барынша тиімді болады.

6. Арнайы баяндамашы Қазақстан президентінің сыртқы істер жөніндегі мәселелер бойынша өкілі болып табылатын Мемлекеттік хатшымен; Ішкі істер министрімен; еңбек және әлеуметтік қорғау Министрімен; әйелдер мен отбасылық-демографиялық саясат істері жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасымен; экономикалық және сыбайластық қылмыстылықпен күрес бойынша (қаржылық полициямен) Агенттік төрағасымен; сыртқы істер Министрінің орынбасарымен; қорғаныс Министрінің орынбасарымен; әділет Министрінің екі орынбасарымен; ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасарымен; Бас прокурор орынбасарымен кездесулер өткізді. Оған қоса, Арнайы баяндамашы Астана, Алматы, Қарағанды мен соларға жақын аудандарға барды, көптеген күзетпен ұстайтын жерлерді, оның ішінде колонияларды, полицейлік учаскелерді, кәмелетке толмағандар үшін уақытша ұстау изоляторы мен психиаторлық ауруханаларды (қосымшаны қар.) тексеру инспекциясын жүргізді. Уақыт тығыз болғандықтан ол басқа аудандарға бара алмады.

7. Арнайы баяндамашы Жоғарғы сот Төрағасымен кездесті, адам құқықтары жөніндегі Өкілмен, азаматтық қоғам өкілдерімен, оған қоса үкіметтік емес ұйымдар, күзетпен ұстайтын жерлердегі қамауға алынғандармен және де зорлық-зомбылық

құрбандарымен кездесті. Сондай-ақ, ол Біріккен Ұлттар Ұйымының елдегі жұмыс тобымен, Еуропадағы ынтымақтастығы және қауіпсіздігі Ұйымының (ЕЫҚҰ) бойынша өкілдерімен, Еуропалық комиссия делегациясымен және тағы басқа да дипломатиялық қоғамдастықтар өкілдерімен кездесті.

8. Арнайы баяндамашы Координатор-резидент Басқармасына миссиясына дейін және соның барысында Біріккен Ұлттар Ұйымының тобына, аудармашылар мен жүргізушілерге; соттық-медициналық сарапшы доктор Туарте Нуно Виейреге; Венадағы Людвиг Больцман атындағы Адам құқықтары Институтынан Изабелле Тшан мен Роланду Шмидтуға аса үлкен көмек көрсеткені үшін алғысын айтады.

9. Өз миссиясының соңында Арнайы баяндамашы үкіметті өз жұмысының алдын ала нәтижелерімен таныстырды. Осы баяндаманың алдын ала дайындалған нұсқасы үкіметке 2009 жылдың 4 желтоқсанында жіберілген. Арнайы баяндамашы елдің билік өкілдерін олардың берген жан-жақты және құрылымдық жауабы үшін алғысын білдіреді. Ол азаптауларға қарсы Комитеттің ұсыныстарын орындау үшін осы баяндамада көтерілген бірқатар мәселелерді қамтитын «Іс-шаралар жоспарының» дайындалып жатқаны туралы хабарламаны қолдайды.

II. Құқықтық шектеулер

A. Халықаралық деңгей

10. Қазақстан азаптаулар мен қатыгез қарым-қатынасқа тыйым салатын Біріккен Ұлттар Ұйымының адам құқықтары туралы негізгі келісімшарттарының, оған қоса азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің, азаптаулар және тағы басқа қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе абыройын қорлайтын қарым-қатынас пен жазалар түрлеріне қарсы Конвенцияның қатысушысы болып табылады. Қазақстан 1949 жылғы Женева конвенцияларының және 1977 жылғы оларға Қосымша хаттамалардың қатысушысы болып табылады. Қазақстан Халықаралық қылмыстық соттың Римдік статутын ратификациялаған жоқ. 2008 жылдың қазан айында Қазақстан азаптауларға қарсы Конвенцияға Факультативті хаттаманы ратификациялағанын ерекше атап өткен жөн. Дегенмен, үкімет Факультативті хаттаманың 25 бабына сәйкес ҰАМ туралы заң әлі де талқылану кезеңінде болғандықтан, өз міндеттемелерін орындауды уақытша кейінге қалдыруға қатысты арыз беруге ниет білдіруде.

B. Аймақтық деңгей

11. Қазақстан ЕЫҚҰ қатысушы мемлекет болып табылады, осы органда 2010 жылы өкілдік етуі күтіледі. ЕЫҚҰ қатысушысы болып, Қазақстан адам құқықтары саласында сан алуан саяси міндеттемелерді қабылдады. Ол сондай-ақ, негізінен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер

бойынша құқықтық көмек және құқықтық қарым-қатынастар туралы Конвенция және Шанхай ынтымақтастық ұйымы секілді аймақтық келісімдердің қатысушысы болып табылады.

С. Ұлттық деңгей

1. Қазақстан Конституциясы

12. Қазақстан Конституциясының II бөлімінде өмір сүруге құқық, дискриминацияға ұшырамау құқығы, дін ар-намыс және сөз еркіндігіне құқық және денсаулықты қорғау құқығын қоса алғанда, адамның бірқатар құқықтары аталған. Азаптаулар қолдануға салынатын тыйым 17 бапта бекітілген. Оған қоса, 16 бапта әр адамның жеке басының бостандығына құқығы кепілдендірілген, 72 сағатты құрайтын полицияда күзетпен қамауда ұстау уақытының шекті мәні орнатылды және де шағымдану құқығы мен оған заңды көмек көрсетуге қатысты ережелері бар.

2. Ұлттық заңнамадағы азаптауларды қолдануға салынған тыйым

13. Азаптауларға Қылмыстық кодекстің 347-1 бабымен тыйым салынған. Оның анықтамасы азаптауларға қарсы Конвенцияның 1 бабында берілген анықтамаға қарағанда шағын, себебі қылмыстық жауапкершілік тек қана мемлекеттік лауазымды тұлғаларға ғана артылады, ал ресми түрде жұмыс жасайтын кез-келген өзге де тұлғалардың немесе айдап салу бойынша орындайтын немесе мемлекеттік лауазымды тұлғаларға хабарлаумен немесе оның үнсіз келісімімен орындалған азаптаулар қылмыстық іс-әрекеттер санатына жатпайды. Оған қоса, азаптауларға қарсы Конвенцияның «заңды санкциялар туралы айтылатын» 1 бабынан ерекшелігі сол, 347-1 бапта «лауазымды тұлғалардың заңды іс-әрекеті нәтижесінде келтірілген тән зардабы және психикалық зардап азаптау деп танылмайды». «Заңды іс-әрекеттер» термині өзінің ауытқушылығымен алаңдаушылық туғызуда. Жоғарғы сот пен Прокуратура Арнайы өкілді қазіргі уақытта 347-1 баптың қайта қарастырылуы туралы мәселе көтеріліп жатыр деп сендірді. Бұл бастама жан-жақты қолдау көрсетілу қажет.

14. Қылмыстық кодексте құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты құқыққа қайшы қарым-қатынас бойынша іс қозғалу мүмкіндігі қарастырылатын бірқатар басқа да ережелер бар. 307 және 308 баптарда «лауазымдық қызметті асыра пайдалану» және «билікті немесе лауазымдық қызметтерді шектен тыс пайдалану» қылмыс деп танылады, сонымен қатар екі жылға дейін және бес жылға дейін бас бостандығынан айыруды қоса алғанда түрлі жаза түрлері қарастырылады. Оған қоса, 107 бапта қылмыс ретінде «[жеке тұлғалардың] ұдайы ұрып-соғу немесе өзге күш қолдану әрекеттері жолымен тән зардабын немесе психикалық зардап келтірілуі», ал азаптау қолдану ауыр жағдай ретінде көрсетіледі. Мұндай қылмыс атап айтқанда, «бес жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру» сияқты жазалармен жазаланады. Ішкі заңнамада азаптауларға қарсы конвенцияның 5(2) және 7 баптарына сәйкес әмбебап юрисдикциясының қағидасын бекітетін қандай да бір ережелері жоқ.

15. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 10.9 бабында былай делінеді «жаза мерзімін өтеп жатқан тұлғалар қызметкерлер тарапынан түзу қарым-қатынасқа құқылы. Олар қатыгез немесе абыройын қорлайтын қарым-қатынасқа ұшырамауы тиіс. Зорлық-зомбылық шаралары тек қана заңды негіздерде қолданылуы мүмкін».

3. Кепілдіктер

16. Қылмыс жасауда күдікті деп және айыпты деп танылған тұлғаларды күзетпен ұстау тәртібі мен жағдайлары турал Заңның 4 бабында күзетпен ұстаудың келесідей нұсқаушы қағидалары орнатылған: заңдылық, кінәсіздік презумпциясы, барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі, гуманизм, адамның ар-намысы пен абыройын және халықаралық құқық нормаларын құрметтеу. Аталмыш заңда сонымен қатар, қамауда ұстау қылмыс жасауда күдікті деп және айыпты деп танылған тұлғаларға тән зардабын немесе психикалық зардап келтіруді мақсат тұтқан іс-әрекеттерімен жанасым т а п п а у ы т и і с .

17. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 138.1 және 70.3 баптарында ұсталғандарға өз отбасыларына хабарлауға және қорғаушыға қол жетімділігі кепілдендірілген. Кодекстің 14 (2) және 68 (3) (1) баптарында күдікті сот шешімінсіз 72 сағаттан астам уақыт қамауда ұсталуына болмайды деп белгіленген. Кодекстің 134 бабына сәйкес хаттама жазылуы тиіс. Содан соң, ұсталған тұлға бұл құжатпен таныстырылып, оның құқықтары түгелдей оған түсіндірілуі тиіс, осыдан кейін ол құжатқа қол қояды. Кодекстің 134 (1) бабы ұстау туралы хаттаманы жазған сәттен бастап он екі сағат ішінде жауапты лауазымды тұлға прокурорға ұстау туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

4. Өлім жазасы

18. Конституцияның 15.2 бабында «өлім жазасы ерекше ауыр қылмыс жасағаны үшін жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы өтініш ету құқығын берумен заңмен белгіленген ерекше жазалау шарасы». Қылмыстық кодекстің 49 бабында тиісті ұылмыстар белгіленген. 2004 жылдың 1 қаңтарында өлім жазасын қолдануға президенттің мерзімсіз мораторийі күшіне енді. Ресми ақпарат көздеріне сәйкес, соңғы рет өлім жазасына кесу туралы үкім 2006 жылдың 31 тамызында шығарылды. 2007 жылдың 6 желтоқсанында қалған 31 өлім жазасы туралы үкім өмір бойы қамауда ұстауға дейін жеңілдетілді.

III. Жағдайды бағалау

А. Күзетпен ұстайтын жерлердегі азаптау және қатыгез қарым-қатынас іс-әрекеттері

1. Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты пенитенциарлық мекемелер мен тергеу и з о л я т о р л а р ы

19. Арнайы баяндамашы пенитенциарлық мекемелердегі¹ қатыгез қарым-қатынас пен тән жазаларының орын алған жағдайлары туралы хабарламалар алды. Осы

контекстте бірнеше рет аталған колониялардың бірі (тұтқындалғандардың «Қазақстандық Гуантанамо» деп атайтыны) Жетіқарадағы УК-161/3 болып табылады. Арнайы баяндамашы ол жаққа «қиын» тұтқындалғандардың жіберілетінін айтып, оларды «сындыру» үшін ұрып-соғу және тағы басқа да тәндік және психикалық зорлық түрлерін көрсететіні туралы хабарлама алғанын айтты. Кейбір хабарламалар бойынша, қамауға алынғандарға қысым көрсету әдісі ретінде камерада бірге тұратындардың тұтқындалғандарды зорлау қолданылады. Ол барып келгеннен соң кездесуден кейін кейбір адамдарды сонда жіберілгені туралы хабарлама жөнінде өте қатты алаңдауда.

— — — — —
¹ Осыған орай үкімет «Әділет органдары туралы» заңның 31 бабы «арнайы құралдар мен физикалық күшті» қолдануды реттейді және де кез-келген жағдайда оларды қолдану ішкі тергеудің жүргізілуін талап ететініне жүгінді.

20. Көптеген хабарламалар бойынша, колониялардың бірі Степногорск түрмесінің ауруханасында (ЕЦ-166/18) қызметкерлер, сонымен қатар жоғары басшылық жаңадан келіп түскендерді медициналық «тексеру» деп аталатын шараға қатысады. Арнайы баяндамашы колония қызметкерлерінің басшылықпен қызметтес болған сотталғандармен бірігіп жаңадан келгендерді соққыға жығып, олардың анальды тесіктеріне резеңке құбырды медициналық және гигиеналық мақсаттарда зорлап салатыны туралы сипаттама алған болатын. Сондай-ақ зорлау әрекеттерінің де орын алғаны туралы хабарланды. Мұндай қарым-қатынас сол ауруханаға келіп түскендердің көбісі науқас болғанымен де ушығады. Сұхбаттасушылардың кейбірі мұндай әдіспен «жаңадан келгендерді қабылдау» олардың «әлсіз жерлерін», яғни ауыратын жерлерін пайдалану мақсатына арналғанын айтты. Бірнеше мекеменің тұтқындалған адамдары сол түрмелік ауруханаға қайта оралудан қорыққандары соншалық, тіпті медициналық көмектен де бас тартқандарын айтты.

21. Оған қоса, әйелдерге арналған колонияларда және де кәмелетке толмағандарға арналған колонияларда тәні жазаларға қызметкерлердің тікелей қатысы бар деп болжанды. Мұндай жазалардың құрамында қолмен, жұдырықтармен және полицейлік қол шоқпарлармен ұрып-соғу, сонымен қатар әсіресе «нәзік» шара бұл, мысалы, қамаудағыларды түнге жамылғы мен төсексіз суық карцерге қамау сияқты шаралар бар.

2. Полицияда күзетпен ұстау

22. Полиция қызметкерлерімен, судьялармен, қорғаушылармен және азаматтық қоғам өкілдерімен, зорлық-зомбылық құрбандарымен және де бас бостандығынан айырылған тұлғалармен сөйлескен соң, Арнайы баяндамашы азаптауларды қолдану және де қатыгез қарым-қатынас бірен-саран жағдайлармен шектеліп қоймағаны айдан анық деген қорытындыға келді. Оның деректерді анықтау бойынша жұмыстарына қамаудағылардың алдын ала өңделуі мен олардың қорқытылып қойылғаны кедергі

келтірген жағдайларға қарамастан, ол күдіктілерді қолдармен, жұдырықтармен, аяқтарымен, құмға толтырылған пластик бөтелкелермен және де полицейдік қол шоқпарлармен ұрып-соққан туралы, сондай-ақ целлофан пакетер мен газқағарлардың көмегімен мойындау түсініктемелерін алу мақсатында қолдануы туралы сенуге тұрарлықтай пайымдамаларды алды. Бірнеше жағдайларда аталмыш пайымдамалар соттық-медициналық сараптама мәліметтерімен бекітілді. Азаптаулар мен құқыққа қайшы қарым-қатынас көбінесе тәнінде ұрып-соғу іздерінің пайда болуына жол бермейтіндей (аяқтарының табандарына және де иілгіш заттармен бүйрегінен ұру) әдіс-тәсілдер қолданылған жағдайлармен және де күдіктінің түрмеге қамалу мерзімінің ұзартылуына әкеліп соғатыдай, айыптың үстіне тағы қосымша айыптар қосып берумен қоқан-лоқы көрсетілген жағдайлармен ұштасқан. Сонымен қатар, отбасы мүшелеріне де қауіп-қатер төндіруге қоқан-лоқы көрсетілгені туралы хабарламалар келіп түсті.

23. Оған қоса, қылмысты жасағанын мойындаудан бас тартқан ұсталғандарды камераға сексуалды алымсақтыққа немесе зорлыққа ұшырайтындай және нәтижесінде қамалғандардың негізгі бөлігінің өз ортасына қабылдамауына әкеліп соғаындай «түсірілгендер» деп аталатындармен бірге орналастырумен қорқытады деген хабарламалар бірнеше рет келіп түсті.

3. Қарулы күштер

24. Қоғаныс Министрлігінің Арнайы баяндамашыға берген ақпараты бойынша 2008 жылы «заңсыз қарым-қатынастардың» (бұл іс жүзінде «әлімжеттіктің» синонимы болып табылады) 117 оқиғасы белгіленген. Осы оқиғалардың нәтижесінде бес адам өзіне-өзі қол жұмсаған. Аталмыш орын алған оқиғалар бойынша тергеу жүргізіліп, қозғалған істер трибуналға берілді: бір іс бойынша бір жылға дейін шартты жазалауды қарастыратын үкім шығарылды; басқа іс бойынша төрт жыл түрмеге қамау жазасы; екі іс бойынша айыптылар алты жылға бас бостандығынан айыру жазасын алды; тағы бір іс бойынша әлі шешім шығарылған жоқ. Тағы бір өзге оқиғада бір офицердің өліміне әкеліп соққан ауыр тән жарақаттарын келтірген өзге офицер төрт жылға бас бостандығынан айыру жазасы кесілді. 2009 жылдың алғашқы үш айында 27 «заңсыз қарым-қатынас» орын алған оқиғалар тіркелді, бұл көрсеткіш 2008 жылдың дәл сол мерзім аралығындағы сондай 43 оқиғамен салыстырғанда жағдайдың жақсарғанының белгісі. Арнайы баяндамашы солдаттарға өзге әскери қызметкерлердің қысым көрсету іс-әрекеттері егер де олар азаптауларға қарсы Конвенцияның 1 бабының критерийлеріне жауап берген жағдайда, әсіресе олардың мақсаттары жазалау немесе қорқыту болған жағдайда олар азаптау болып есептелуі мүмкін деп атап өтті.

В. Күзетпен ұстайтын жерлердің жағдайы

1. Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты пенитенциарлық мекемелер мен тергеу

и з о л я т о р л а р ы

25. 2009 жылдың 1 сәуір жағдайы бойынша Әділет Министрлігіне қарасты орталықтарындағы тұлғалар саны 60858 адамды құрады (Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларын есептемегенде). Оған қоса, түрмеге қамау мерзімдері әлі де болса ұзақ және соңғы он жылдықтағы қамауға алынғандар санының азайғанына қарамастан 100 000 адамның ішінен 382-сі пенитенциарлық мекемелерде ұсталады, ал бұл өз кезегінде Еуропа бойынша орташа көрсеткіштен үш еседен астамға артық және де басқа да бұрынғы кеңестік мемлекеттердегі тиісті көрсеткіштерден едәуір жоғары.

26. Жалпы алғанда, қамауда ұстаудың физикалық жағдайлары мен тамақтандыру деңгейі халықаралық минималды стандарттарға сәйкестендірілген. Арнайы баяндамашының пікірі бойынша, оның барып көрген жерлерінің көбісінде (оның келуіне дайындалған жерлер) тазалық пен тәртіп сақталған. «Колония» секілді бас бостандығынан айыру жерлерінде (жатын бөлмелері 20-100 адамға арналған) қамауғағыларға белгілі бір территорияда еркін қозғалуға және басқалармен еркін қарым-қатынас жүргізуге рұқсат етілгені сөзсіз өте оң көзқарас туғызатын жайт болып табылады. Басқа жағынан, ортақ жатын бөлме жүйесі қамаудағылардың қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіруі мүмкін. Арнайы баяндамашы Аршалыдағы (ЕЦ-166/5) ауысымды жүйе қолданылатын ерекше режимді колонияға да барды (қамаудағылардың бір бөлігі өз камераларында болғанда, басқа бөлігіне кішігірім аулада серуендеуіне болады).

27. Тергеу изоляторларының көп бөлігі Әділет Министрлігінің қарауында болса да, мұндай мекемелердің төртеуі Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты болып қалуда. Әдетте, олар камералары бар ғимарат секілді болады да, камераларда үштен сегіз адамға дейін орналастырылады, ондағы қозғалу мүмкіндігі шектелген (әдетте, өз камераларында тәулігіне 23 сағаттан уақыт өткізеді); қамаудағыларға айналасы жармен қоршалған, төбесі тормен жабылған кішігірім аулада өздерінің камераластарымен бірге бір сағаттық серуендеу уақыты бөлінеді. Изоляторлардың көпшілігінде су құбарлары мен жаңа санитарлық жабдықтар болса да, қамаудағылар әлі де болса жеке қалу мүмкіндігінен айырылып отыр. Көптеген жерлерде душқа шомылуға тек апасына немесе 10 күнде бір рет қана рұқсат берілген.

28. Арнайы баяндамашыға қамаудағылар арасындағы иерархиялық қарым-қатынас кеңес кезеңінің қалдырған мұрасы екені белгілі болды. Осы иерархияға бағынбайтындар және де онда «ұрылар заңымен» әрекет ететіндер түрме әкімшілігінің келісімімен, кейде тіпті солардың қолдауымен және де белсенді түрде солардың айдап салуымен өзге қамаудағылардың тарапынан зорлық-зомбылық пен дискриминацияға ұшырайды. Нәтижесінде, қамаудағылар арасында зорлық-зомбылық, оның ішінде сексуалды зорлық кеңінен таралған (мысалы, қамаудағылар арасында шеттетілгендер болып табылатын «түсірілгендер» деп аталаындарға қатысты). Оған қоса, Қазақстанда түрме колонияларының екі түрі белгілі: «қара» және «қызыл». Қызыл зоналарда қамаудағы бір адамдарды басқаларын қорқыту үшін пайдалану арқылы түрме әкімшілігі тәртіпті сақтап отырады. «Қара» зоналарда тәртіпті сақтау міндетін қамаудағылардың өз қолына беріп қояды. Бұл әдістердің екеуі де халықаралық

стандарттарға сай емес. Арнайы баяндамашы қамаудағылардың арасындағы зорлық-зомбылық егер де мемлекет оларды алдын алу мақсатында тиісті шаралар қолданбаса, онда ондай кезде зорлық-зомбылық азаптау немесе қатыгез қарым-қатынас
д е п б а ғ а л а н а д ы .

29. Денсаулықты сақтау жүйесін басқарудың кәсіби және жауапты әдісі туберкулезбен күресте айтарлықтай ілгерілеуге мүмкіндік берді (2009 жылдың алғашқы үш айында тіркелгені 133 ауру жағдайларына қарсы 2008 жылдың дәл сол уақы мерзімі аралығында 3 806 жағдай). Одан басқа, медициналық жәрдем көрсетумен байланысты туатын қиындықтар әлі де жалғасын тауып келеді. Арнайы баяндамашы күрделі аурулар емделмейтіні және оларды емдеу кейінге қалдырылып келе жатқаны туралы шағымдар алды; сонымен қатар, кейбір дәрігерлердің, пенитенциарлық мекемелердің қызметкерлері мен медициналық қызметкерлерінің медициналық көмек көрсету үшін, тіпті кейде күрделі аурумен ауыратын науқастар келген күнде де ақша талап еткендері белгілі болды. Ресми мәліметтерге сүйенсек, 2009 жылдың алғашқы үш айында пенитенциарлық мекемелерде 99 адам қаза тапты (2008 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 14 адамға кем); оның ішінде 35 адам туберкулезден; 16-сы – жарақат алу , улану және өзіне-өзі қол жұмсау себептерінен; 48-і – соматикалық патологиялардан. Оған қоса, АИТВ жұқтырғандар саны 2008 жылдың алғашқы үш айындағы 1675 адамнан 2009 жылдың сол уақыт мерзімі аралығында 2073 адамға дейін өсті. Осыған орай, Арнайы баяндамашы Қазақстандағы бас бостандығынан айыру жерлерінде пайдаланылған инелерді айырбастау бағдарламаларының және де есірткіге тәуелділікпен ауыратындарға арналған емдеу іс-шараларының жоқтығы алаңдатады.

30. Пенитенциарлық мекемелер әкімшілігінің бірқатар қызметкерлерінің ортақ уайымы ол – көптеген сотталғандар өз үйі мен отбасыларынан қашық жерде жазаларын өтеуде. Бір жағынан, пенитенциарлық мекемелердің мемлекеттің солтүстік бөлігінде шоғырланғанының себебі Қазақстанның оңтүстігінің көптеген тұрғындары жазаларын өтеу үшін солтүстікке барады. Екінші жағынан, пенитенциарлық орталықтардың қашықта орналасуы отбасы мүшелерінің тарапынан оларға келуін қиындатады; мысалы , Арқалықтағы түрме аса қауіпті қылмыскерлерді ұстауға арналған камералар жүйесі бар жалғыз мекеменің алыстығы соншалық, Арнайы баяндамашының уақыты шектеулі болғандықтан баруға мүмкіндігі болмады.

2. Полиция бөлімшелері

31. Ішкі істер министрлігінің билігіндегі көптеген нысандар елеулі құрылымдық жақсартуға тартылды. Арнайы баяндамашы сұхбаттасқан күдіктілердің көпшілігі үш рет тамақтанатынын және белгілі шамада медициналық көмекке мүмкіндіктері барын айтты. Сол уақытта көптеген жағдайларда серуендеу және дене жаттығуы үшін ең аз уақыт бөлу туралы ең төмен халықаралық стандарттарда жазылған (күніне бір сағат) талап сақталмайтындығы туралы пікір алды. Кейбір мекемелердегі тұтқындағы адамдар оларды күніне 20 минутке серуендеуге шығаратынын мәлімдеді. Бұдан басқа,

көп жағдайда санитарлық нысандар қажет талаптарға жауап бермейді: камераларда дәретханалар жиі ашық болады және жекелеуге рұқсат етпейді, ал душқа аптасына бір р е т қ а н а т ү с у г е б о л а д ы .

32. Адамдардың көп саны полицияда ұзақ мерзім ұсталуы, бірнеше айға дейін (мысалы, құжаттарды ресімдеуін күту немесе тергеу және сот талқылауы кезінде), сыртқы дүниемен байланыс іс жүзінде толық болмауын ескере отырып күдіктілерге психикалық қысымды шамадан тыс көрсетеді және Арнайы баяндамашының пікірінше кінәсіздіктің анық-қанығына жету принципіне айқын қайшы келеді.

33. Құжатсыз адамдарды ұстайтын (көптеген Өзбекстан және Қырғыстан азаматтарын қоса алғанда) Алматы қабылдау-бөлу орталығында ауасы нашар жаңартылатын және күндізгі жарық кірмейтін кішкентай камералар бар. Мекемелер бойынша ұсталғандарды нашар тамақтандырады және серуендеуге күніне 15 минутке шығарады. Ұқсас жағдайлар халықаралық ең төмен стандарттарға айқын сәйкес келмейді, әсіресе адамдар соттың шешімісіз 30 күнге дейін ұсталуын есепке ала отырып; кейіннен қайта қамауға алынуы мүмкін, оларды қайта 30 күнге қамау қауіптенуі мүмкін.

1. Басқа министрліктерге қарасты мекемелер

34. Арнайы баяндамашы ауыр психикалық ауруымен және мүгедектігімен 18-ден 40-қа дейінгі жастағы адамдарды орналастыратын Алматы облысының Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты Талғардағы психикалық-неврологиялық орталықта болды. Бұл орталық жақсы жағдайда, таза және жақсы жабдықталған. Қызметкерлер мәлімдегендей, жылжи алатын емделушілер көп уақыттарын сыртта, үлкен бақшада өткізеді. Арнайы баяндамашы қатыгез іс-әрекет туралы бірқатар пайымдаулар алды, бірақ бұл тәжірибе қаншалықты кең тарағандығын бағалау қиын. Ол емделушілер өкімдерді орындамаған жағдайларда транквилизаторларды шамадан тыс қолдануға жазылған шағымдар жайында, сондай-ақ басқа да мекемелерден ауыстырылған емделушілердің 2008 жылы өлгендерінің көп саны туралы мәлімдемелер жайында мазасызданады. Ол сондай-ақ 2008 жылғы аштық жағдайлары туралы пайымдаулар алды. Осы орталыққа емделушілерді орналастыру және осындай шешімдерді қайта қарау² процедуралары, сондай-ақ осы орталықты қандай да бір тәуелсіз бақылау болмауы мазасыздандырады.

² Үкімет осы пайымдаулар ақиқатыққа сәйкес келмейтіндігін көрсетті, бірақ 2008 жылы өлгендердің саны туралы ешқандай деректер келтірмеді.

35. Арнайы баяндамашы соттың шешімімен өз іс-әрекеттеріне жауап бере алмайтын баукеспе қылмыскерлерді жіберетін Ақтастағы (Алматы облысы) мамандандырылған психиатриялық ауруханада болды; бес білікті дәрігерден тұратын комиссияның ұсынымы негізінде оларды босату туралы судьялардың шешімі қабылданғанға дейін

оларды ол жерде шектеусіз уақыт бойы ұстайды. Бұл аурухана таза, бірақ жөндеуді қажет етеді және көбіне түрме колониясын еске салады. Арнайы баяндамашы қатыгез іс-әрекет немесе зорлық-зомбылық туралы ешқандай пайымдаулар алған жоқ. Изолятор жалпы блоктардың ішінде орналасқан және ондағы адамдар басқа да адамдармен араласады. Қамаудағы адамдар тамақтандыру ең төмен сапада және мақтаулы түсініктермен негізделген, қатаң шектеу ретінде қабылданатын болса да темекі шегуге толық тыйым салуға бірнеше қатар шағымданды.

36. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 14-бабының 2-тармағына сәйкес күзетпен ұсталмаған адамды сот-психиатриялық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға соттың шешімімен ғана жол беріледі. Күзетпен ұсталмаған адамды сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыруға соттың шешімі санкциясы бойынша жол беріледі. Заңда осындай емделудің барынша көп ұзақтылығы көрсетілмейді, осы процеске ашықтық жетпейді, осындай шешімге қарсы болу мүмкіншілігі жоқ. Арнайы баяндамашы кейбір жағдайларда осындай үй-жай медициналық мекемеде күдіктілерге немесе айыпталушыларға қысым көрсету үшін пайдаланылатындығы туралы пайымдаулар алды. Бүгінгі тәжірибе қайта қаралуда деген үкіметтен алған сенімді құптайды.

С. Әйелдер

1. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық

37. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа келсе, онда Арнайы баяндамашы, оның пікірінше Азаптауларға қарсы конвенцияда пайдаланылатын «үнсіз келісу» деген ұғым, қорғауға байланысты міндеттемелерден тыс мемлекеттің міндеттемесі жеке салада азаптау әрекеттерін болдырмауды болжайды деп сендірді және мемлекет өз міндеттерін сақтау туралы мәселені қарау кезінде «тиісті күш салу» деген принциптің қолдану керектігін ескертті (A/HRC/7/3, 68-тармақ). Мәлімдемелер бойынша, әйелдерге қатысты, әсіресе отбасындағы зорлық-зомбылық кең таралды. Көбіне ол бүркемеленеді және тұрмыстық зорлық-зомбылық ауыр дене жарақтарына әкелген жағдайларда ғана шаралар қабылданады. Прокуратураның деректері бойынша, тиісті статистикалық ақпараттар талап ететін заң болмағандықтан іс жүзінде жиналмайды. Бірақ Қазақстанның үкіметі осы құбылыспен күрес үшін қадамдар жасады. Мысалы, 1999 жылы Ішкі істер министрлігінің құрылымында бүгінгі таңда 128 қызметкер жұмыс істейтін әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшелер құрылды. Осы бөлімшелер елдегі 24 дағдарыс орталықтарымен тығыз өзара әрекет етеді. Ішкі істер органдарының қызметкерлерін оқыту бойынша үнемі жұмыс жүргізіледі. Қылмыстық кодекс және Қылмыстық іс жүргізу кодексінде тұрмыстық зорлық-зомбылықты қоса алғанда, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық әрекеттер үшін ізге түсу қозғалуы мүмкін болатын қылмыстар туралы бап қамтылды, зардап шегушілерге сот төрелігіне

қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін аз дүние жасалған жоқ. Арнайы баяндамашы 2009 жылы көп жылдар бойы қарауда болған тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заң жобасын қабылдау жоспарлануына байланысты қанағаттануын білдіреді. Сонымен бірге осы заң жобасы зардап шегушілерді ескерту және қорғау аспектілерін ескермей отырып тұрмыстық зорлық-зомбылық әрекеттер үшін сот қудалауын көздейді (мысалы, ол тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегушілер үшін қандай да бір инфрақұрылымды және оларға қолдау көрсетуді көздемейді). Заң жобасының деректері бойынша кез-келген ізге түсу зардап шегушінің шағымы бойынша қозғалу керек жағдайы күмәнді көрінеді, егер кінәлі адамды шағымын алып кетуіне мәжбүрлесе қысым көрсетуге әкелуі мүмкін.

2. Күзетпен ұстау жағдайларындағы әйелдер

38. Арнайы баяндамашы қылмыс жасауда айыпталған әйелдерге қауіп-қатерлер, атап айтқанда балаларына бағытталған қауіп-қатерлер туралы бірқатар пайымдаулар алды. Ол есірткілерді таратуға байланысты қылмыстарда күдікті немесе айыпталған әйелдер туралы және басына қап кигізуді және тоқпен есеңгіреуді қолдануды қоса алғанда құқық қорғау органдары жағынан ұрып-соғуға және басқа да түрлеріне тартылған шетел әйелдері туралы хабарлама алды. Пенитенциарлық мекемелерден әйелдерге дене жазалауларын қолдану туралы шын пайымдаулар алды. Әйелдерге арналған колонияның аз болуынан ондағы адамдар әдетте қамауда отырған ерлерге карағанда өз отбасы мен жолдастарынан қол үзген.

D. Балалар

1. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық

39. Баланың құқықтары туралы 2002 жылғы 8 тамыздағы 345-II Заңының 10-бабында баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы жарияланды, сондай-ақ баланың тәнін және (немесе) жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден және т.б. қорғауға мемлекеттің міндеттемесі белгіленді. Сонымен бірге балаларға қатысты зорлық-зомбылық проблемасы, әсіресе жеке салада, өте аз зерттелген және елде осындай зорлық-зомбылықтармен күрес үшін тиімді тетіктер жоқ³. Жоғарыда айтылған тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес туралы заңның жобасы осы қамкөңілдіктердің кейбіреулеріне жауап бола алса да кемшіліктері бар; мысалы, онда денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлерін балаларға қатысты зорлық-зомбылық жағдайлары туралы хабарлауға міндеттемесі көзделмеген.

³ Сондай-ақ CRC/C/KAZ/CO/3, 34 және 36-тармақты қараңыз.

2. Ювоналдық әділет

40. Қылмыстық кодекстің 15-бабына сәйкес, ауыр қылмыс үшін қылмыстық жауаптылық он төрт жастан басталады; өзге де қылмыстар үшін – он алты жастан. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 491-бабында кәмелетке толмағанды қамауда ұстау туралы бұйрық ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған кезде ғана ерекше жағдайларда берілетіні және ұстау ұзақтығы алты айдан аспайтындығы көзделді. Кодекстің 71.2 және 79-баптарында, сондай-ақ 52-тарауында кәмелетке толмағандардың істері бойынша қылмыстық процесінің әр түрлі кезеңдерінде қолданылатын кепілдіктер атап көрсетілді (жауап алу ұзақтығын шектеу, заңды өкілдің қатысуы, жауап бермеді сақтау құқығы және т.б.). Сонымен қатар Арнайы баяндамашыға осы кепілдіктердің көбісі формальды ғана сақталады және ұстау кезінде, жиірек ұстау фактісін ресми тіркегенге дейін кәмелетке толмағандарды жұдырықпен және полициялық таяқшамен ұру тәжірибесі кең таралған. Осы кезеңде балаларды бірнеше сағатқа, кейде – түні бойы батареяға қолкісенмен бұғаулап қояды.

41. Арнайы баяндамашы 2008 жылғы 18 тамызда Президент Пекиндік ережелерге сілтеме жасай отырып 2009-2011 жылдар кезеңінде ювеналдық әділет жүйесін құру, атап айтқанда кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі арнаулы соттар құру, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі полиция, мамандандырылған адвокат ісі, қоғамнан оқшаулауға байланысты емес жазалауларды орындаудың арнаулы инспекциясын құру, үйлестіру тетіктерді жақсарту, сондай-ақ ювеналдық әділет жүйесіне әлеуметтік-психикалық көмек қызметтерін қосу көзделген даму тұжырымдамасын бекіткендігі туралы қуана білді. Ол осындай тегіс камти алатын тәсілдеме кәмелетке толмағандардың сот төрелігіне нақты қолжетімділігін жақсартады және азаптауларды және балаларға қатал қарауды жоюға мүмкіндік береді деп үміттенеді.

3. Бас бостандығынан айыру орындарындағы балалар

42. Арнайы баяндамашы ұстау жағдайы жақсы Алматы қаласындағы тәрбиелік колонияда (ЛА-155/6) болды (келуі алдында жасаған интенсивтік дайындығын есепке ала отырып). Балалар мектепке барады, бос уақыттарын өткізуге мүкіншіліктері бар және тамақтану сапасына немесе медициналық қызмет көрсетуге шағымданған жоқ. Сонымен бірге Арнайы баяндамашы осы колонияда кәмелетке толмағандарға дене жазалаулар қолдану туралы, атап айтқанда күзетшілердің жұдырықпен және таяқпен үнемі қатты сабаулары туралы пайымдаулар алды. Арнайы баяндамашы сондай-ақ отбасы мүшелері жағынан келуге қатаң шектеулерге мазасызданады (ережелер бойынша тәрбиеленушілер жылына үш екі апталық келуге және үш қысқа мерзімді келуге құқылы). Кәмелетке толмағандарға қатысты ұқсас шектеу саясаты мемлекетпен қабылданатын барлық шаралардың негізгі мақсаты баланың ең жақсы мүдделері болып табылатын басты талабына сөзсіз қайшы келеді.

43. Арнайы баяндамашы сондай-ақ Қарағандыдағы уақытша оқшаулау, бейімделу және оңалту орталықтарын тексерді. Ішкі істер министрлігінің қарауындағы осы

мекемелер бір қатар міндеттерді шешу үшін, оның ішінде болар-болмас құқық бұзушылықтарды жасауда күдікті он алты жасқа дейінгі балаларды күзетпен ұстау және ата-аналарынан немесе заңды қамқоршысынан айырылған балаларды, сондай-ақ панасыз балаларды⁴ орналастыру үшін құрылды. Оған күдікті балаларды орналастыру полиция, білім департаменті, денсаулық сақтау департаменті, жергілікті өзін-өзі басқару және азаматтық қоғам органдарының өкілдерінен тұратын кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиясы мен әкімшілік органның өкімі бойынша жүргізіледі. Арнайы баяндамашы балалар қорқытуға тартылғандарына және ол келген кезде олар айтулары керектігі жөнінде нұсқау алғанына өкінеді. Ол орталықта үш жастан он сегіз жасқа дейінгі балалар бірге ұсталатына мазасызданады. Келген кезде балалардың көпшілігін тақырға қырқады. Бұдан басқа, оларға, жан-жағынан алып қарағанда көп уақыт таза ауада болуға рұқсат етпейді және орталықтың манайында бақша болса да оларға кішкентай аулада қыдыруға рұқсат береді және де оларда ешқандай ойыншықтар жоқ. Арнайы баяндамашы орталықтың қызметкерлері бұйрықтарын орындаудан бас тартқан балаларды үнемі дене жазалауларымен жазалайды деген сенім келтіретін хабарламаларға өте мазасызданады. Хабарламалар бойынша, тәрбиешілер балаларды кілттердің байламымен немесе орындықтың ағаш арқалығымен басынан жиі ұрады және дененің жоғарғы бөлігіне соққы береді. Бұдан басқа, прокурордың шешімі негізінде осы орталықтарға 30 күнге (қандай да бір ауру пайда болса тағы үш аптаға) орналаса алатын фактісі халықаралық стандарттарға сәйкес емес. Бірнеше рет ішкі тексеру жүргізгенге және басқа қалардағы орталықтың бірнеше қызметкерлерін қамқор етуге танылған балаларға күш қолданған үшін жауапкершілікке тартқанына қарамастан Арнайы баяндамашы мұндай шаралардың ашықтық және тәуелсіз мониторингі болмауына байланысты өкінішін білдіреді.

Е. Мәжбүрлеп қайтаруға жол бермеу принциптері

44. Қазақстан 1951 жылы Босқындар мәртебесі туралы Конвенцияға қатысушы болып және Біріккен Ұлттар Ұйымы Жоғары комиссарының Босқындардың істері жөніндегі басқармамен тығыз өзара әрекет етсе де ішкі заңнама Азаптауларға қарсы конвенцияның 3-бабында көзделген мәжбүрлеп қайтаруға жол бермеу принципі бекітілген қандай да бір ережені қамтымайды. Осыған байланысты Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығынан (ТМД) баспана сұраушылар, әдетте, өтініш хаттары негізделмеген болса да босқындар⁵ ретінде танылмайды. Бұдан басқа, заңнамаға сәйкес мемлекеттік органның кез-келген шешіміне сотта қарсы болуы мүмкін, шынында істерді қарау кезінде сот төрелігіне кіру рұқсатын қамтамасыз етудің беру және жер аудару туралы анық процедуралары жоқ. Қазіргі уақытта босағандар туралы заң әзірленуде.

⁴ Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы Заңды және Уақытша оқшаулау, бейімделу және оңалту орталықтарының жарғысын қараңыз.

⁵ Бұл жиі Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы Минск конвенциясына (Минск конвенциясы) және 2000 жылғы визасыз сапарлар туралы Минск келісіміне сүйене отырып жасалады. ТМД-ның басқа мемлекеттерінің аумағындағы ТМД мемлекеттерінің азаматтары олардың азаматтарындағы сол құқықтарға ие екенін пайымдайды, сол уақытта шынында Минск конвенциясы әкімшілік органдары, атап айтқанда сот және құқық қорғау мекемелері, шарттасушы тараптар арасындағы қатынастарды реттеуге арналған.

IV. Негізгі себептері

A. Жазалау пенитенциарлық саясат

45. Қамауға жабу адам құқықтарының белгілі шектеулерге тартатынын мойындай отырып, Арнайы баяндамашы Қазақстанда қолданылатын құқықтық принциптер мен пенитенциарлық саясат Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 10-бабының 3-тармағы қажет ететін тұтқындалғандарды қоғамға қайта бірігуге бағытталмай ең алдымен жазалау сипатта болады. Мысалы, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің негізінде қамауға жабудың әр түрлі тәртіптері жазалау түрінде болады, және оның ережесі сыртқы әлеммен байланыс жасауға қатты шектеуді көздейді деген идея бар. Осыған байланысты қамауда отырғандардың босатылып шығуларына ешқандай үміт қалдырмайтын жақында енгізілген өмір бойы бас бостандығынан айыру түрінде жазалау шарасы қамкөңілдіреді. Әділет министрлігінің деректері бойынша жақында болу сәтінде 71 адам өмір бойы қамауда болды (69 – Жітіқара колониясында). Тағы бір қауіпті фактісі қамауда отырғандардың көпшілігі жазалау түрінде белгілі пенитенциарлық мекемелерге жіберуді қабылдау болады. Қосымша жазалаудың ұқсас бейресми шаралары халықаралық нормаларға қайшы келеді, осыған егер адам бас бостандығына үкім шығарылса да оның басқа адам құқықтары ең төмен дәрежеде қозғалу керек. Қазақстанның Үкіметі қазіргі уақытта жазаға кесілгендермен тәрбиелік жұмыс және олардың қоғамға қайта бірігу принциптері негізінде пенитенциарлық жүйенің реформасын жүргізіп жатқанын көрсетті.

46. Сотқа дейін күзетпен ұсталған адамдарға сыртқы дүниемен байланыс құқығына да қатал шек қойылды (қылмыс жасады деп күдіктілер мен айыптаушыларды күзетпен ұстау тәртібі мен шарттары туралы Заңның 17 және 19-баптары). Бұдан басқа, Арнайы баяндамашы осындай рұқсат алудан жиі бас тартатындығы туралы хабардар болды. Ұзақ уақыт бойы полицияда күзетпен тұрған адамдар бірнеше айға дейін кездесу

мүмкіншіліктерінен айырылады, оларды керексіз азаптайды.

47. Осыдан тыс, сотталғандардың шамалы бөлігі ғана кез-келген пайдалы іспен айналысуға мүмкіндігі бар. Мактаулы фактіге қарамастан, кейбір жерлерде мектептер және кәсіптік-техникалық училищесі бар, Арнайы баяндамашының сұхбаттастарының бірі онда білім алуға мүмкіндігі болғаны туралы айтты.

48. Тәртіптік жазалаулардың негізгі себептерінің бірі сотталғандар ережелерінде белгіленгендей колонияны жайластыру бойынша екі сағатты жұмыстарынан бас тарту болады. Осы бас тартуға жауап ретінде әкімшілік жазалауға, оның ішінде жазалау мерзімін ұзартуға келтіретін қылмыстық санкцияларға тарта алады (Қылмыстық кодекстің 360-бабын қараңыз). Арнайы баяндамашы қамауда отырғанның біреуіне алғашқы түрмелік мерзімін 10 жылға ұзартқан жағдай туралы білді. Тәртіптік бұзушылық үшін жазалаудың шамадан тыс шаралары пенитенциарлық жүйенің сотталғандар тарапындағы құқық бұзушыларға шамасы келмейтінін куәландырады.

В. Қорғау тетіктерінің тиімсіздігі

1. Шағымдарды ұсыну жолдары

49. Заң шағым берудің бірнеше тетіктерін көздейді (Қылмыстық іс жүргізу кодесінің 177, 183 және 184-баптары және Қылмыстық атқару кодесінің 10.2-бабы). Қылмыстық іс жүргізу кодесінің 183-бабында кез-келген қылмыс туралы арызды тіркеу міндеттемесі тікелей көзделді. Қылмыстық іс жүргізу кодесінің 192.4-1-бабында Қылмыстық кодекстің 347-1-бабымен түскен істер бойынша алдын ала тергеу қылмыстық істі қозғаған ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органымен жүргізіледі деп көзделді. Заң осындай тергеуді қандай орган жүргізу керектігін белгілемейді; көп жағдайда полиция жеке қызметкерлерімен жасалған азаптау әрекеттері туралы хабарламаларды тергейді; осы Ұлттық қауіпсіздік және қаржы полициясы комитетіне қ а т ы с т ы ⁶.

50. Адам құқықтары бойынша уәкілеттіге (2002 жылғы президенттік жарлықпен берілген лауазым) кейін болжалды бұзушыларға қатысты әкімшілік шаралар қолдау немесе қылмыстық қудалау қозғау өтінімімен құзырлы органдарға қайта өткізе алатын шағымдар алу өкілеттіктері берілді. 2008 жылы Ішкі істер министрлігінің Жеке қауіпсіздігі департаментіне берілген ұсталғандардың адами қадыр-қасиетін қорлауға жол берген полицияшыларға олармен 38 шағым алынды. Осы Департаментпен жүргізілген талдау он жағдайдың сегізінде азаматтардың өтініштерінде көрсетілген фактілер расталмағанын көрсетті ⁷.

⁶ Үкіметтің хабарламаы бойынша «Іс-шаралар жоспарын» әзірлеу шеңберінде мекемеаралық тобы қазіргі уақытта азаптауларды қолданудағы пайымдаулар бойынша тергеуді органға байланысты емес, болжалды жәбірленуші адамға қарсы шығарылған іс

бойынша тергеу жүргізуші орган жүргізгенін қалай қамтамасыз ету туралы мәселені
т а л қ ы л а п ж а т ы р .

⁷ 2008 жылы Қазақстанның адам құқықтары жөніндегі уәкілеттінің қызметі туралы
е с е п т і қ а р а ң ы з ;
сайтта бар, Қазақстанның Ішкі істер министрлігі (www.mvd.kz).

51. Арнайы баяндамашы полиция органдары және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің барлық басшылық қызметкерлерінен, сондай-ақ пенитенциарлық мекемелерінің басшыларынан соңғы 5 жылда қатал қарауға қатысты кез-келген шағымдар алды ма деп сұрады. Олардың басым көпшілігі мұндай пайымдаулар туралы ешқашан естімегендігін айтты. Сонымен бірге іс жүзінде ресми шағымдардың тіптен болмауы елде іс жүзінде оларды алу мен қарауға нақты тетігі жоқтығына күмін келтіреді; керісінше, қамауда отырғандардың көпшілігі шағым беруден қашады, себебі олар жүйеге сенбейді немесе жазалаудан қорқады. Арнайы баяндамашының пікірінше елде жедел тергеу жүргізуге уәкілетті тәуелсіз орган жоқ және шағымдардың басым көпшілігі автоматты түрде ауытқиды.

52. Төменде осыған байланысты мазасыздандыратын бірқатар мәселелер қаралады.

а) Дәлелдеу ауыртпалығы және тәуелсіз дәрігерлік куәландыру

53. Осы салада Арнайы баяндамашымен айқындалған өзекті проблемалардың бірі дәлелдеу ауыртпалығымен байланысты. Халықаралық стандарттарға сәйкес азаптауларды және басқа да қатыгез іс-әрекеттер түрлерін қолдану туралы пайымдаулар сот барысында түскен жағдайларда дәлелдеу ауыртпалығы азаптуларды немесе ұқсас қатыгез іс-әрекеттерді қоса алғанда мойындау заңсыз құралдарымен алынбағанын сендіре дәлелдейтін айыптаушы жаққа жатады⁸.

Күзетпен отырған адам тәуелсіз дәрігерлік тексеру рұқсатынан айырылған дәлел жинауға және құжатты түрде растауға мүмкіндігі жоқ. Ішкі істер министрлігі және түрме әкімшілігінің медициналық құрамы тиісті адам келіп түскенде бастапқы тексеру жүргізеді, олар сөзсіз жұмыста күнде кездесетін әріптестеріне қатысты қандай да бір тәуелсіз әрекеттер жасауға жарамайды⁹.

⁸ E/CN.4/2003/68, 26-тармақты қараңыз.

⁹ Үкіметтің хабарламасы бойынша, қазіргі уақытта «Іс-шаралар жоспарын» әзірлеу шеңберінде ішкі істер және әділет министрлігінен тәуелсіз медициналық қызмет құру туралы мәселесі қарастырылуда.

Сонымен, осы қызметкерлер құрамымен тексеру жүргізу тәуелсіз болып саналмайды; тиісінше тексеру ішкі медициналық сарапшымен жүргізілу керек.

Бірақ, осындай тексеру жүргізу үшін қадағалау органының – мысалы тергеушілердің, прокурорлардың, түрме әкімшілігінің рұқсаты қажет, осы органда азаптаулар нәтижесінде алған дене жарақаттары тексеру жүргізу сәтінде жазылып

кетуін күте отырып тиісті рұқсат беруді создыру үшін барлық мүмкіндіктер бар. Бұдан басқа, Арнайы баяндамашы күзетпен ұстау орталығынан тыс тексеру жүргізілгенде істі жүргізген құқық қорғау органының қызметкері әдетте ұсталушыны алып барады және тексеру барысында онымен бірге болатындығы туралы хабардар болды. Тағы бір кедергі болып тұрған тиісті шығындарды ұсталушы төлеу керек. Әлбетте, мұндай жағдай шындықты орнатуға мүмкіндік бермейді. Қосымша проблема сот-медициналық сараптама дене жарақаттарының ауыртпалық дәрежесін анықтау болады, әлеуетті қылмысты анықтауға мүмкіндік береді және осыған байланысты ол медициналық құрамды жарақат ауыртпалығын төмендеткізуге зор мүмкіншіліктері бар. Арнайы баяндамашы шынында ол болып жатқандығы туралы пайымдау алды.

b) Ресми тергеулердің болмауы.

54. Тергеу изоляторларының көпшілігі Әділет министрілігінің қарауына тапсырылса да, Арнайы баяндамашы изоляторларда жүргізген сұхбаттарында олардың қызметкерлер құрамы міндеттеріне құқық қорғау органдарының тарапынан азаптаулар немесе қатыгез іс-әрекеттер жағдайларын анықтау, әсіресе осыған байланысты қандай да бір шаралар қолдану кіреді деп ойламайтынын білді.

Прокурорлардың, судьялар мен адвокаттардың рөлі

55. Бірқатар проблемаларға қарамастан, прокурорлардың екі жақты рөлі бұрынғыша үлкен проблемаларды шақырады: бір жағынан, алдын ала қылмыстық тергеуден кейін полициямен дайындалған ресми айыптауларды қолдайды; екінші жағынан, олар қылмыстық сот төрелігі органдары мен құқық қорғау органдары заңдарды сақтауларын қадағалауға және азаматтар мен ел тұрғындарының құқықтарын қорғауға міндетті. Бұл парадоксалды жағдайға әкеледі, қылмыстық процесінің өте кеш кезеңдерде азаптауларда немесе қатыгез іс-әрекеттерде айыптау пайда болу және ол істі прокуратура тапсыру кезінде прокурор тиісті тергеу жүргізуді талап ете отырып, өзінің қадағалау рөлін орындай алмағанын іс жүзінде мойындайды. Осыған байланысты прокурорлар полицияның іс-әрекеттерін белгілі формалды бақылауға ие бола отырып көп жағдайларда өкелең бұзушылықтарды ескермеуге ынталы.

56. Азаптаулар проблемасы туралы судьялардың хабардарлығын арттыру мақсатында жасалған бірқатар қадамдарға қарамастан судьялар азаптаулар қолдануда шындықты орнатуға және айыптаудың нәтижелі тергелерін жүргізуге тырысудың орнына прокуратураның шешімін ресмилендіру мақсатында ғана қылмыстық процестің белгілі кезеңдерінде ресми қатысқан адам сияқты қабылданады. Сұхбаттастардың басым көпшілігі сотқа дейін күзетпен ұстау туралы шешім қабылданған бірінші тыңдауда да, сот кезінде де судьяның бірде біреуі күзетпен ұстаудың бірінші кезеңінде қандай іс-әрекетке ұшырағандары жөнінде сұрамады. Егер де зардап шегушілер азаптаулар немесе қатыгез іс-әрекеттер туралы хабарласа ондай пайымдаулар әдетте айтылмай қалады. Арнайы баяндамашы ЕҚЫҰ басшылығымен жүзеге асатын соттардың қызметін қадағалау жөніндегі жоба адал сот талқылауларын қамтамасыз ету

ісінде, атап айтқанда жалғыз бір жағдайда тергеу барысында азаптау қолданған негізінде ақтаушы үкім шығарылғанда өте пайда болды (қосымшада а-т Полиенконың і с і н қ а р а ң ы з) .

57. Арнайы баяндамашы қылмыстық істерді қараудаға адвокаттардың рөлдеріне қатысты көп шағымдар алды. Жалпы пікір бойынша, адвокаттар сыбайласқан, тиімсіз, «жүйенің бір бөлігін» құраушылар және клиенттерінің құқықтарын қорғауға тілек білдірмейтін болып табылады. «Мемлекеттік адвокаттарға» салса, онда олар тек сот тыңдауларына қатысады және сенімді болмайды. Көптеген жағдайларда сұхбаттастар азаптаулар туралы пайымдауларды ескермегендерін айтты.

d) Полициядағы күзетпен ұстау

58. Заң бойынша полиция бөлімшесінде күзетпен болу мерзімі 72 сағаттан аспау керек (селолық аудандарда көлікпен проблема пайда болу кезінде 10 күн), процестің кейбір кезеңдерінде ұстау мерзімі ұлғаюы мүмкін, мысалы егер ұсталушы адамда құжаттары болмаса немесе қосымша тергеу не сот жүргізу үшін өз қаласына жіберілсе. Шынында көп адамдар уақытша ұстау изоляторлары мен тергеу изоляторлары арасында бірнеше рет жүріп тұрады; айыптаушыларды бірінші жауап алған жерлеріне бірнеше рет қайтара алады. Егер белгілі кезеңде, күзетпен ұстаудың алғашқы кезеңі аяқталғаннан кейін көп уақыт өтседе олар азаптауларды қабылдауға шағым береді, олар оларды азаптаған адамдардың жұмыс істейтін жеріне қайтарылуы мүмкін; ұқсас перспектива ұстаушылар шағым беруге мүлде мүмкіндік туғызбайды.

е) Құқық қорғау органдарының қызметкерлері тарапынан қауіп-қатерлер мен қ о р қ ы т у л а р

59. Арнайы баяндамашы сұхбаттасқан ұсталған адамдардың көбісі шағымдарын алуға немесе оларда қандай да бір шағымдар жоқ туралы немесе қамауға алу кезінде қарсылау көрсеткенде жарақатанған деп оларды қосымша айыптаулармен, түрме мерзімін ұзартумен және кейбір жағдайларда камераластар жағынан сексуалдық зорлық-зомбылықпен қорқытқандарын айтты. Сондай-ақ кейбір жағдайларда ұсталған адамдардың отбасыларын қорқытады, мысалы оларды да қамауға алады немесе барлығын баланың жолдастарына айтатындары туралы білді. Осындай мінез-құлық, халықаралық стандарттарға қайшы келуінен тыс шағымдар беру мен оларды қараудың кез-келген жүйесін мағынасыз етеді, олармен күресу керек.

f) Азаптаулармен алған дәлелдер

60. Ел Конституциясының 77 9)-бабы және Қылмыстық кодексінің 116 1) 1)-бабы сотта азаптаумен алған дәлелдерді пайдалануға тыйым салады. Сонымен бірге Арнайы баяндамашыда қандай да бір дәлелді қарау кезінде азаптаумен алған дәлел деген істер туралы мәліметтер жоқ. Арнайы баяндамашыға бірнеше рет айтылған жүйенің ерекшеліктері жасалған қылмысты ашу мүддесінде бұрын айыптау үкім шығарылған адамдарды айыпталатыны және тиісті істер акырында бірнеше жасанды дәлелдер

қосылатын мойындаушылық жауап алу үшін дене бітіміне зорлық-зомбылық қолданумен өтірік айту болатыны мазасыздандырады. мазасыздануы

2. Азаптаулар қолдануда кінәлі адамдарға қатысты сот тергеуі, сондай-ақ оңалту шаралары

61. Арнайы баяндамашыға әр түрлі құқық қорғау органдары ұсынған ақпарат соңғы жылдары 347.1-бап жалпы бірнеше істерге қолданылғанын көрсетеді (төмендегі кестені қараңыз)

Жылы	Ісі	Нәтижелері
2008	Теміртаудың екі тергеушісін сот жауапкершілігіне тартуы	Полицияның мәлімдемесі бойынша тергеушілердің бірін (Тұрымбаев) 10 жылға түрмеге жабуға үкім шығарды; бірақ Ұлттық қауіпсіздік кеңесі айыптау негізделмеген деп танылғандықтан іс 2008 жылы жабылды.
	Қызылорда облысының екі полиция қызметкерінің әкімшілік жайларда құқықтық негізсіз үш адам ұстауына айыптау тағуы	Қылмыстық іс тоқтатылды.
2007	Шығыс-Қазақстан облысы инспекторының мойындатқызу мақсатында күдіктіге дене жарақаттарын салуы	18 айға бас бостандығынан айыруға үкім шығарды.
2006	Астананың үш полициясының мойындатқызу мақсатында зорлық-зомбылық қолдануы	Екі полиция үш жылға, біреуі – екі жылға түрмеге қамауға үкім шығарды.
	Павлодардың екі полиция қызметкерінің ұсталған адамдарға дене бітіміне зорлық-зомбылық қолдануы	Болжалды қылмыскердің жоғалып кетуіне байланысты істі қарау аяқталған жоқ.
	Іс қозғау	Болжалды зардап шегуші шағымын алып кетуіне байланысты іс кейіннен жабылды.
2005	Павлодардың үш полиция қызметкерінің нәтижесінде ұсталған адам қайтып кеткен азаптаулар қолдануында кінәлі деп тану	Бір полиция қызметкерін төрт жылға түрмеге қамауға, біреуін үш жылға шартпен бас бостандығынан айыруға үкім шығарды.

62. Арнайы баяндамашы кестеде сипатталған тергеулер мен сот қудалаулар бірінші қадам ретінде ғана қаралатындығын баса айтады. Ресми қозғалған істердің саны ешқандай шамада елде азаптаулар және қатыгез іс-әрекеттер таратудың шынайы ауқымын көрсетпейді. Бұдан басқа, жазалау шараларын қылмыстың ауыртпалығымен салыстыруға болмайды.

63. Өкінішке орай, Қазақстанның ішкі заңнамасынада азаптаудан зардап шегушілер үшін қаржы өтемақысын төлеу немесе оңалту құқықтық міндеттемесі көзделмеді. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 40-бабында қылмыстық қудалауды жүргізуші немесе жүзеге асырушы органның заңсыз іс-әрекеттері нәтижесінде келтірілген залалды өтеу көзделседе осы заңсыз іс-әрекеттердің тізіміне азаптаулар немесе қатыгез іс-әрекеттерді енгізілмеді. Жоғары соттың 1999 жылғы 9 шілдедегі (№7) қарарында судьяларға басшылық болатын қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз

іс-әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы «зорлық-зомбылық, қатыгез және адамның ар-намысын қорлайтын іс-әрекеттер қолдануға» сілтеме кетіреді және өтемақы құқылы адамдар ретінде «қамауға алынған, айыпталған және сотталған адамдар» атап көрсетіледі. Сонымен бірге, Азаматтық кодекстің 923-бабында зардап шегушілерге өтемақы алу құқығын беретін іс-әрекеттер мен шарттарды шектейді, себебі тиісті тізімде азаптаулар мен қатыгез іс-әрекеттер есерілмеді. Бұдан басқа, азаматтық кодекс құқық бұзушыға немесе қылмыскерге қатысты қылмыстық қудалау қозғалғанда басталады; бұл сөзсіз Азаптауларға қарсы конвенцияның 14-бабының талаптарына қайшы келеді. Арнайы баяндамашы азаптаудан зардап шегушілер өтемақы немесе оңалту алудың кез-келген жағдайы туралы ақпараты жоқ, азаптау қолдану фактісі қылмыстық сотпен анықталған жағдайда да.

С. Қорғау шараларының нашарлығы

1. Мониторинг және тексеру

64. Негізгі қадағалау рөлін прокуратура орындайды. Бас прокурордың орынбасары Арнайы баяндамашыны прокурорлар тексеруді іс жүзінде күнде, кейде түні бойы және демалыс күндері жүргізетінін хабардар етті. Бірнеше арнайы тағайындалған прокурорлар күзетпен ұстау орындардың мониторингіне жауап береді. Бұдан басқа, барлық құқық қорғау органдарында тексерулерді алдын ала ескертусіз жүргізетін жеке қауіпсіздік басқармасы бар. Бірақ осы іс-әрекеттердің нәтижелері туралы ашық ақпарат жоқ.

65. Қазақстанда мониторингтің бірқатар басқа да тетіктері жұмыс істейді. Адам құқықтары бойынша уәкілетті бас бостандығынан айырылған адамдар отырған кез-келген жерге баруға құқылы. Тәжірибеде өзі және құрамы уақытша ұстау полиция изоляторларына, сотқа дейінгі изоляторларға, түрме колониялары мен психикалық ауруханаларға барады. Бірақ өзі ие тәуелсіз және шектеулі адами және өзге де русурстардың болмауынан мониторинг бойынша қызметі үнемі жүзеге асады және шектеу әсері ғана бар.

66. 2008 жылдың аяғында Адам құқықтары бойынша уәкілеттімен мәжіліс өткізетін және көпшілігі тиісті мемлекеттік органдардан, сондай-ақ халықаралық және ұлттық үкіметтік емес ұйымдардың басшыларынан жоғары қызметтегі лауазымды тұлғаларынан тұратын азаптауларды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін қолдану фактілерін қарау бойынша жұмыс тобы Алматыдағы және Алматы облысындағы сотқа дейінгі және уақытша күзетпен ұстау орталықтарына баруды ұйымдастырды, содан кейін Президент әкімшілігіне осы бару сапары туралы есепті ұсынды. Осы есепте негізгі

назарды Уәкілеттінің бағалауы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының қамаудағы адамдарға қараудың ең төмен стандарттық ережелеріне¹⁰ сәйкес келмеу жағдайларына бөлді. Үкіметтің хабарламасы бойынша, 2009 жылы Жұмыс тобы бірқатар өңірлерге б а р у д ы ж а л ғ а с т ы р д ы .

¹⁰ 2008 жылғы Қазақстанның Адам құқықтары бойынша уәкілеттінің қызметі туралы есебін қараңыз, цит. шығар., 22, 61-бет.

67. Азаматтық қоғамға келсе, онда әрбір 15 өңірде азаматтық қоғамның 91 өкілінен тұратын қоғамдық қадағалау комиссиялары құрылды. Осы комиссиялар Әділет министрлігіне қарасты күзетпен ұстау орындарына бақылау бару сапарын жүргізуге уәкілетті. Алматыда азаматтық қоғамның өкілдері уақытша ұстау изоляторларының (Ішкі істер министрлігіне қарасты) мониторингі жобасын жүзеге асыруда. Осы тетіктер маңызды жұмыс жүргізсе де олар елдің барлық аумағын қамтымайды және ең алдымен азаптауларды қолдануға байланысты фактілерді анықтауға емес ұстау шарттарының мониторингіне бағытталды.

2. Кепілдіктер

68. Жалпы Арнайы баяндамашы бар кепілдіктер ресми сақталмайтындығы туралы тұжырымға келді. Ол болған барлық жерлерде ұсталған адамдарды тіркеу журналы жүргізіледі және ұсталған адамдардың көпшілігі күзетпен ұстау және сот процесінің әр түрлі кезеңінде заң талап еткендей судьялармен, прокурорлар және қорғаушылармен кездескендерін көрсетті. Сол уақытта тәжірибеде осы кепілдіктердің көбісі тиімсіз болады; осы жағдайда маңызды кемшіліктерімен нақты ұстау және полиция бөлімшесіне жеткізу сәті тіркелейді, ол үш сағаттан аспайтын алғашқы күзетпен ұстау барынша көп шамасын сақтауды сақталмауын анықтауға мүмкіндік бермейтін жағдайы . Бұдан басқа, Арнайы баяндамашы ұстау (тіркелемеген) кезіндегі алғашқы бірнеше сағаты азаптауларды қолданумен мойындатқызу үшін құқық қорғау органдары пайдаланады. Бұл жағдай осы кезеңде ұсталған адамдар адвокатака¹¹ рұқсат құқығы жо қ ж а ғ д а й ы м е н қ и ы н д а т ы л а д ы .

¹¹ Үкімет бас бостандығынан айырылған адамдарды тіркеуге қатысты ұсынымды қоса алғанда, бірқатар ұсынымдар дереу қамауға алғаннан және оларға адвокаттарға беру рұқсат берген кейін азаптаулармен немесе адамның ар-намысын қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерімен күрес мәселелеріндегі қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларын қолдану туралы Жоғары сот қаулысының нормативтік жобасында көрсетілді. Бұдан басқа, үкімет заңнамаға келесі өзгерістерді енгізу көзделу мүмкін деп атап өтті: адамдарды ұстау мерзімдерін бұрмалау үшін қылмыстық жауапкершілік белгілеу және Қылмыстық іс жүргізу кодексіне азаптаулар және құқықсыз іс-әрекеттер туралы шағымдарды тексерудің іс

жүргізу аспектілеріне қатысты келесі ережелерді енгізу:

- сотталғандардың қорғау тетігіне, прокурорға немесе сотқа жазған шағымдары міндетті рұқсатсыз ашып қараусыз жапсырылған конвертте беруді қамтамасыз ету туралы;

- прокурордың, қадағалаушының қылмыстық істерді алдын ала тергеу кезінде заңдылықты сақталуы үшін міндеттемелері туралы;

- сотқа дейін айыптаушыларды күзетпен ұстау мерзімдерін қысқарту туралы;

- адамдарды қабылдаушы-бөлушілерге және кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімделу және оңалту орталықтарына орналастырудың соттық санкцияларын жүргізу;

- міндетті принцип ретінде полиция қызметкерлері мен прокурорлар болмағанда дене жарақтары мен өзге де іздерді табу мәніне адамдарды куәландыру туралы.

69. Азаптауларды және қатыгез іс-әрекеттерді болдырмау мән-мәтінде маңызды кепілдіктердің бірі алғашқы ұстау кезеңінде тәуелсіз судьяның тарапынан бақылау болып табылады. 2008 жылы Қазақстан қамауға алу санкциясы қызметін сот органдарына берсе де халықаралық стандарттарға сәйкес келетін хабеас корпус толық құнды процедурасы болып табылмайды деп пікірін білдірді (CAT/C/KAZ/CO/2, 9 с-тармақ)).

D. Полиция қызметін және сыбайластықты бағалау

70. Арнайы баяндамашы жемқорлық қылмыстық сот төрелігінің жүйесінде өте тамырланып кеткені туралы көптеген және бір-бірімен келісімді пайымдаулар алды. Бірнеше көздердің хабарламасы бойынша, әрбір кезеңде, полиция мен соттан бастап және күзетпен ұстау орталықтары мен түрмелерден аяқтап жемқорлық институционалдырылған тәжірибе¹² болып табылады.

¹² Қазақстан "Транспэренси интернэшнл" ұйымымен құрастырған 2008 жылғы Жемқорлықты қабылдау индекcінде 145-і орын алды.

71. Жұмыстары оң баға алу үшін полициялар «ашу» керек деген істерге бейресми квоталардың болуы туралы көп адамдардан айтты. Осындай бағалау жүйесі полиция қызметкерлері істерді ашу үшін заңсыз әдістерді пайдалануға әкелу мүмкін. Шынында, сұхбаттастардың көбісі заң растайтын дәлелдемелердің болуын талап етседе мойындау көрсетпелері бұрынғыша өте құнды айғақтар ретінде қаралады. Бұдан басқа, айғақтатқызуды қоса алғанда, растайын дәлелдемелер кейде күш қолданумен және қорықыту көмегімен алады.

V. Қорытындылар және ұсынымдар

А. Қорытындылар

72. 1991 жылы тәуелсіздікті алған сәтінен бастап Қазақстан құқықтық негіздері мен институттарын реформалау ісінде маңызды ілгерілікке қол жеткізді. Халықаралық шарттарға қосылып азаматтарына, сондай-ақ халықаралық қоғамға адам құқықтары басымды маңызда болу керектігін көрсетті. Ұлттық құқықтық шеңберде, атап айтқанда азаптауларды қылмыстандыру жолымен (олардың анықтамасы өте тар болса да ол үшін жазалауы ауыртпалығымен өлшеусіз) осы халықаралық стандарттарды біріктіру бірқатар қадамдар жасады. Сонымен бірге заңнама және істің шынайы жағдай арасында маңызды үйлеспеу сақталады.

73. Күзетпен ұстау орындарының әкімшілігінің Арнайы баяндамашының келуіне дайындығы бойынша белсенді күш салу, сондай-ақ ондағы адамдарды қорқыту және оларға қандай ақпарат айтулары керектігі туралы нұсқау беру Арнайы баяндамашының объективті қорытындылар алу бойынша міндетін маңызды қиындатты. Осы фактіні есепке ала отырып және мемлекеттік қызметшілермен, судьялармен, адвокаттармен және азаматтық қоғамның өкілдерімен талқылаудың қорытындыларына, жиі соттық-медициналық сараптаманың деректерімен бекітілетін зорлық-зомбылықтан зардап шегушілермен және бас бостандығынан айырылған адамдармен сұхбаттасуларға сүйене отырып Арнайы баяндамашы азаптаулар мен қатыгез іс-әрекеттерді қолдану бірлі-жарым жағдайлар шегінен сөзсіз шығып тұрғанын белгіледі. Күдіктілерден мойындаушылық жауап алу мақсатында оларды қолмен, жұдырық және аяқпен, ішіне песок толтырылған пластикалық бөтелкемен және полициялық таяқшамен ұрып-соғу, сондай-ақ целлофан пакеттермен және газтұтқыштармен тұншықтыру туралы сенімді пайымдаулар алды. Бірнеше жағдайларда осы хабарламалар сот-медициналық сараптама деректерімен бекітілді.

74. Азаптау әрекеттерін жасауға азаптаулар мен қатыгез іс-әрекеттердегі айыптаулар алдында прокурорлардың, судьялардың, Әділет министрлігі қызметкерлерінің, дәрігерлер мен адвокаттардың әрекетсіздіктері, сондай-ақ тексеру мен қадағалау тетіктерінің жеткіліксіз тиімділігі ықпал етеді. Арнайы баяндамашының пікірінше азаптаулар (оның ішінде қауіп-қатер) немесе қатыгез іс-әрекеттердің көмегімен алған куәліктер айыптауға үкім шығару үшін негіздеме ретінде кең түрде пайдаланылады.

75. Пенитенциарлық мекемелерде және полиция учаскелерінде ұстау жағдайы соңғы жылдары жақсарды. Сонымен бірге Арнайы баяндамашы жазалау ретінде сыртқы дүниемен байланысты шектеуді кең қолданатын түрмеге қамаудың шамадан тыс ұзақ мерзімдерін қолдануды қоса алғанда жалпы таратылған сөзсіз көрсетілген жазалау тәсілдемесіне мазасызданады.

76. Арнайы баяндамашы толық жазаламаушылық туралы сөз жүріп жатпағанын мойындайды ол шағымдарды беру мен тексерудің бар тетіктері тиімсіз деп санайды.

Дәлелдеу ауыртпалығы болжалды қатыгез іс-әрекеттен зардап шегушіде болады; сондықтан қылмыскерлердің шамалы саны ғана шынында жауапқа тартылмайды. Ол өтемақы беру және оңалту бойынша мемлекеттің міндеттемелеріне қатысты маңызды кемшіліктердің болуын анықтады.

77. Арнайы баяндамашы Қазақстанда белгілі тәуелсіз мониторинг жүргізіледі, бірақ ол фрагменттік сипатта және мекемелердің маңызды бөлігін қамтымайды. Ол Азаптауларға қарсы конвенцияның Факультативтік хаттамасын бекіту және жоспарлап отырған ұлттық қорғау тетігін құруды қатты қолдайды.

78. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа келсе, онда Арнайы баяндамашы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шегушілердің мүдделерінде мемлекетпен жүзеге асатын ескерту және қорғау саласындағы жеткіліксіз шаралары, сондай-ақ осы проблема туралы кең хабардар болмауы мазасыздандырады. Балалар дене жазаулары алдында өте әлсіз және күшті қорғауға мұқтажданады.

В. Ұсынымдар

79. Соңғы жылдары Қазақстанның қол жеткізген ілгерлікті мойындай отырып Арнайы баяндамашы ынтымақтастықтың рухын басшылыққа ала отырып тиісті халықаралық стандарттардың толық орындалуын қамтамасыз ету мақсатында келесі қадамдарды қолдануға ұсынады. Алдағы 2010 жылы Қазақстан ЕҚЫҰ төрағалық ететін болғандықтан халықаралық нормаларды «абактыдағы» адамдарды қоса алғанда адам өміріндегі елеулі өзгерістерді жүзеге асыру өте міндет болып табылады.

1. Жазасыздық

80. Арнайы баяндамашы тиісті органдарға келесі шараларды қабылдауға ұсынады:

а) азаптау мен қытыгез іс-әрекетті көпшілікпен айыптау және азаптауларды қолдану ауыр қылмыс болып табылады және қылмыскерлерді оңайлықпен бас бостандығынан айырғанда (кейде өте ұзақ мерзімге), құқық қорғау органдарының қызметкерлері заңды бұзушы ретінде жеңіл үкім шығарғанда қазіргі сәтте пайда болған жағдайды мүмкіндік береді деп кесімді мәлімдеу;

б) азаптау ауыр қылмыс ретінде мамандандырылды және тиісті жазалаулар¹³ көздеуді қамтамасыз ету үшін заңнамаға өзгерістер енгізу, сондай-ақ азаптау анықтамасын Азаптауларға қарсы конвенцияда қамтылған анықтамамен толық сәйкес келтіру;

с) тәжірибеде шағымдар берудің қолайлы жолдарын құру, азаптауларды қолданудың кез-келген белгілері бойынша ресми тергеу қозғалуын қамтамасыз ету және қуалау шағымын берушілерді қорғау;

д) болжалды зардап шегушінің ісі бойынша тергеуді немесе сот қудалауын жүзеге асыратын органдармен еш байланыспаған қылмыстық тергеу және сот қудалауының тиімді және тәуелсіз тетігін құру;

е) құқық қорғау органдары немесе прокуратура қызметкерлерінің араласуынсыз немесе қатысуынсыз қылмыстық процестің барлық кезеңінде тәуелсіз медициналық тексеруге рұқсат беру; сондай-ақ бас бостандығынан айырылған адамдарды, әсіресе күзетпен ұстау орнына түскеннен немесе басқа бас бостандығынан айыру орнынан ауысқаннан кейін тәуелсіз медициналық тексеруді қамтамасыз ету;

ф) болашақта босқындар туралы заңнамада Азаптауларға қарсы конвенцияның 3-бабында бекітілген мәжбүрлеп қайтаруға жол бермеу принципін тиісті түрде ескеруді қ а м т а м а с ы з е т у .

13 Үкімет Арнайы баяндамашыны осы процес басталғандығын куәландырды

2. Кепілдіктер мен оңалту

81. Арнайы баяндамашы тиісті органдарға келесі шараларды қабылдауға ұсынады:

а) бас бостандығынан айырылған адамдарды ұстау сәтінде тіркеу, сондай-ақ адвокатқа қол жеткізуін және бас бостандығынан айырылған сәтінен бастап отбасы мүшелерін ескерту мүмкіншілігін қамтамасыз ету;

б) халықаралық стандарттарға сәйкес полицияда күзетпен ұстау мерзімін қысқарту (4 8 с а ғ а т т а н а с п а й т ы н) ;

с) судьялар мен адвокаттардың тәуелсіздігін нығайту; азаптауларды қолданумен алған дәлелдеме тәжірибесінде кез-келген тыңдаулар барысында сияқты ретінде пайдалана алмайтын және азаптаулармен алған дәлелдемелер негізінде сотталған адам ақталып бостатылуын қамтамасыз ету; сондай-ақ Қауіпсіздік жөніндегі ұйыммен жүргізілетін соттардың мониторингін және Еуропадағы ынтымақтастықты жалғастыру;

д) мойындатқызу кез-келген қатыгез шараларды қолданумен алғандығын дәлелдейтін айыптау жағына дәлелдеу ауыртпалығын міндеттеу, сондай-ақ бейне және аудиожазу жауап алуларды ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру;

е) ішкі заңнамаға азаптаулардан және қатыгез іс-әрекеттерден зардап шегушілердің залалды өтеу құқығы туралы ережені енгізу, сондай-ақ анық белгілі құқық қолданылатын тетіктердің қызмет етуін қамтамасыз ету.

3. Институционалдық реформалар

82. Арнайы баяндамашы тиісті органдарға келесі шараларды қабылдауды ұсынады:

а) прокуратураны, полиция мен пенитенциарлық жүйені клиенттерінің мүдделерін қамтамасыз етуге анық бағдарланған шықтық органдарына қайта құру мақсатында, оның ішінде жетілдірілген және қарусыздандырық дайындықтың көмегімен реформалауын жалғастыру және жылдамдату;

б) Ішкі істер минисирлігінің қарауынан уақытша ұстау изоляторларын¹⁴ және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеу изоляторларын¹⁵ Әділет министрлігінің қарауына беру, сондай-ақ Әділет министрлігінің қызметкерлерінің азаптауларды және қатыгез іс-әрекеттерді болдырмау ісіндегі рөлдеріне қатысты хабардарлығын арттыру;

с) құқық бұзушыларды оңалтуға және қалпына келтіруге бағытталған осындай жазалаулардың орындау жүйесін әзірлеу, атап айтқанда шектеулі түрме тәртіптерін жою жолымен, оның ішінде ұзақ мерзімге түрмеге жабылған адамдар үшін, және сыртқы дүниемен барынша кең байланысты қамтамасыз ету;

д) бас бостандығынан айыруға байланысты емес сотқа дейінгі және соттан кейінгі шараларды күшейту бойынша жұмысты жалғастыру, атап айтқанда кәмелетке толмағандарға қатысты; сондай-ақ жеткілікті адами және өзге де ресурстармен сынамалық қызметті қамтамасыз ету¹⁶;

е) Париж принциптеріне толық сәйкес тәуелсіз мекеме ретінде ұлттық қадағалау тетігін құру және оны жеткілікті адами және өзге де ресурстармен қамтамасыз ету;

ф) күзетпен ұстау жерлердегі медициналық құрам сот төрелігін іске асыру органдарынан шынында тәуелсіз болуын қамтамасыз ету, яғни оны Әділет министрлігінің қарауынан Денсаулық министрлігіне беру.

4. Әйелдер

83. Арнайы баяндамашы тиісті органдарға халықаралық стандарттарға толық сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заң қабылдауды ұсынады. Осы заңда негізгі назарды сот қудалауына ғана емес сондай-ақ қорғау шараларына да бөлу керек.; тұрмыстық зорлық-зомбылықтың болжалды әрекеттерін ресми тергеуді қамтамасыз ету және тұрмыстық зорлық-зомбылықтан және адам саудасынан зардап шегушілерді қолдау инфрақұрылымын тиісті қаржыландыруды қамтамасыз ету; сондай-ақ әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жағдайлары туралы ұлттық дерекқор құру.

¹⁴ Үкіметтің хабарламасы бойынша осы мәселе қаралуда, бірақ осы шараны іске асыру күрделі материалдық салуды талап етеді.

¹⁵ Үкімет Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты емес мекемелерде тыңшылық немесе мемлекеттік сатқындығы үшін айыпталған адамдарды күзетпен ұстау осы адамдардың көбісі мемлекеттік құпияларды жеткізушілер болып табылғандықтан қауіпсіздің тәртібін күшейтуді талап етеді және оларды басқа ұсталған адамдармен бірген күзетпен ұстау жағдайда оларды ашу мүмкіндіксіздігін қамтамасыз етуді қ и ы н д а т а д ы .

¹⁶ Үкіметтің хабарламасы бойынша қылмыстық-атқарушы инспекциясы қамтамасыз етілуді.

5. Балалар

84. Арнайы баяндамашы тиісті органдарға келесі шараларды қабылдауға ұсынады:

а) кез-келген жағдайларда балаларға дене жазалауды заңмен тыйым салу;

б) қылмыстық жауапкершіліктің басталу жасын арттыру және негізінде баланың ең жақсы мүдделерін сақтау болатын ювеналдық әділет жүйесін құру; сондай-ақ кәмелетке толмағандарды уақытша ұстау изоляторларына орналастыру тәжірибесінен

с) осы реформаларды жүзеге асыру мақсатында құрамына Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасын, Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қорын, ЖКАҚБ және үкіметтік емес ұйымдарды енгізген кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігін іске асыру мәселелері бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Мекемеаралық тобына техникалық көмекпен және басқа да жәрдемдесу түрлерімен жүгінді.

6. Денсаулық сақтау жүйесінің мекемелері/психикалық ауруханалар және зиянды азайту

85. Арнайы баяндамашы тиісті органдарға келесі шараларды қабылдауға ұсынады:

а) емделушілерде бар кепілдіктерді сақтауды, атап айтқанда халықаралық стандарттарға сәйкес емделуге еркін және саналы құқықтарын сақтау (сондай-ақ А/63/175 қараң.); мүгедектіктің әр түрлі түрлерін сипаттау үшін пайдаланылатын терминологияны өзгерту, атап айтқанда «ақымақтар» деген сөзден бас тарту; мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны бекіту; төтенше шара ретінде ғана мамандандырылған мекемелердегі үй-жайларды пайдалану; барлық мекемелердің тәуелсіз мониторингіне рұқсат беру; сондай-ақ осындай мекемелердегі барлық өлім жағдайларына ашықтық принципін қолдану кезінде тәуелсіз органмен тексеруді

қ а м т а м а с ы з е т у ;

б) есірткіге байланысты науқас адамдарды бас бостандығынан айыру үшін зиянды азайту бағдарламаларын, оның ішінде оларға дәрі-дәрмектермен орнын ауыстыру және күзетпен ұстау жерлердегі пайдаланылған шприцтарды айырбастауды ұйымдастыру бағдарламаларын арқылы ынтагерлікпен өзгерту.